Ұлытау облысы білім басқармасының Жаңаарқа ауданы білім бөлімінің «Көктал жалпы білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Коммунальное Государственное учреждение «Кокталская общеобразовательная школа» отдела образования Жанааркинского района управления образования Области Ұлытау

БҰЙРЫҚ **ПРИКАЗ**

02.09.2026 ж № 38

«Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің құрамын бекіту туралы»

«Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5- бабының 34-1) тармақшасы негізінде, «Педагог мәртебесі туралы» 2019 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 5- бабының 3-тармағына және 16 бабының 1 - тармағына сәйкес, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылы 11 мамырдағы «Педагогикалық әдеп қағидаларын бекіту туралы»№ 190 бұйрығын орындау мақсатында

БҰЙЫРАМЫН:

1. Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің құрамы төмендегі ретпен бекітілсін:
   1. Ж.Ж.Кунанбаев - комиссия төрағасы, мектеп директоры
   2. Ахметова А.Т. - математика пәнінің мұғалімі
   3. Рысбекова К.С.- зейнеткер ұстаз.
   4. Дәулетов Ж.Қ.- «Қамқоршылық» кеңестің төрағасы
   5. Саркенова А - тарих, құқық пәндерінің мұғалімі
   6. Досаева А.Ғ – Орынбай әкімшілігінің бас маманы.
   7. Рахимкулов М.Ж.- кәсіподақ төрағасы
2. Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің хатшысы болып директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ш.Ш.Жакупова тағайындалсын.
3. Комиссия жұмысының мерзімі Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің жұмысын ұйымдастырудың үлгілік қағидаларының ережелеріне сәйкес белгіленсін.
4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Негізі: өндірістік қажеттілік.

Мектеп директоры Ж.Ж.Кунанбаев

Таныстым: 1. _____ «02» 09.2026ж.
2. _____ «02» 09.2026ж
3. _____ «02» 09.2026ж
4. _____ «02» 09.2026ж
5. _____ «02» 09.2026ж.
6. _____ «02» 09.2026ж
7. _____ «02» 09.2026ж

Бекітемін
Көктал ЖББМ директоры
Ж.Ж.Кунанбаев

Көктал жалпы білім беретін мектебі

Әдеп кеңесінің 2026-2027 оқу жылына арналған жұмыс жоспары

Мақсаты:
Педагогтердің кәсіби әдеп нормаларын сақтауын қамтамасыз ету, білім алушылармен, ата-аналармен және әріптестермен өзара сыйластыққа негізделген қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру.

Міндеттері:
- Педагогикалық әдеп қағидаларын түсіндіру және насихаттау
- Мұғалімдердің кәсіби жауапкершілігін арттыру
- Даулы жағдайлардың алдын алу
- Педагогтің оң имиджін қалыптастыру

Нормативтік-құқықтық негізі:
- «Білім туралы» ҚР Заңы
- ҚР Педагогтің әдеп кодексі
- Мектептің ішкі тәртіп ережелері

Негізгі іс-шаралар жоспары

№	Жұмыс мазмұны	Мерзімі	Жауапты
1	Әдеп кеңесінің құрамын бекіту,жылдық жұмыс жоспарын талқылау. /Хаттама/	Қыркүйек	Мектеп әкімшілігі
2	Педагогтердің педагогикалық әдеп нормаларын сақтау мәселесі бойынша түсіндіру жұмысы./Анықтама/	Қыркүйек	Әдеп кеңесі
3	Мектеп ұжымындағы моральдық-психологиялық ахуалды зерделеу./Тест жұмыстары/	Қазан	Психолог,Әдеп кеңесі
4	Педагогтер арасындағы қызметтік қарым-қатынас мәдениетін талқылау./Дөңгелек үстел/	Қараша	Әдеп кеңесі
5	Оқушы, ата-ана және педагог арасындағы өзара сыйластық мәселелері./Пікірталас/	Желтоқсан	Әдеп кеңесі
6	Педагогикалық әдеп бойынша түсіндіру және кеңес беру жұмыстары./Анықтама/	Қаңтар	Әдеп кеңесі
7	Буллинг пен кибербуллингтің алдын алу бойынша профилактикалық жұмыс./Түсіндірме жұмыстары/	Ақпан	Психолог, әлеуметтік педагог
8	Педагогтің кәсіби беделі мен жауапкершілігі туралы дөңгелек	Наурыз	Әдеп кеңесі

	үстел./Анықтама/		
9	Ата-аналармен қарым-қатынаста педагогикалық әдеп нормаларын сақтау./Анықтама/	Сәуір	Мектеп әкімшілігі, әдеп кеңесі
10	Әдеп мәселелері бойынша келіп түскен өтініштер мен ұсыныстарды қарау./Хаттама/	Жыл бойы	Әдеп кеңесі
11	Әдеп кеңесінің атқарған жұмыстарын қорытындылау./Анықтама/	Мамыр	Кеңес төрағасы
12	Жылдық есеп дайындау және келесі оқу жылына ұсыныстар әзірлеу./Дөңгелек үстел/	Маусым	Әдеп кеңесі, кеңес хатшысы

Күтілетін нәтиже:

- Педагогтердің әдеп нормаларын сақтауы нығаяды
- Ұжымда жағымды психологиялық ахуал қалыптасады
- Оқушы, ата-ана және мұғалім арасындағы сенім артады

ДТІЖО: Ш.Ш.Жакупова

ӘДЕП КЕҢЕСІ ОТЫРЫСЫНЫҢ ХАТТАМАСЫ

№1

Күні: «02»09. 2026 жыл

Қатысқандар:
Әдеп кеңесінің мүшелері:

1. Кунанбаев Ж.Ж. - комиссия төрағасы, мектеп директоры
2. Ахметова А.Т. - математика пәнінің мұғалімі
3. Рысбекова К.С.- зейнеткер ұстаз.
4. Дәулетов Ж.Қ.- «Қамқоршылық» кеңестің төрағасы
5. Саркенова А - тарих, құқық пәндерінің мұғалімі
6. Досаева А.Ғ – Орынбай әкімшілігінің бас маманы.
7. Рахимкулов М.Ж.- кәсіподақ төрағасы

Қатыспағандар: Жоқ

Күн тәртібі:

1. Әдеп кеңесінің құрамын бекіту туралы.
2. Әдеп кеңесінің жылдық жұмыс жоспарын талқылау және бекіту туралы.

1-мәселе бойынша

Тыңдалды:
Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша мектеп директоры Ж.Ж.Кунанбаев сөз сөйледі. Ол Әдеп кеңесінің жұмысын ұйымдастыру мақсатында кеңес құрамын бекіту қажеттігін атап өтті.

Ұсынылған кандидатуралар қаралып, Әдеп кеңесінің құрамын бекіту туралы ұсыныс енгізілді.

Шешім:

1. Әдеп кеңесінің құрамы ұсынысқа сәйкес бекітілсін.
2. Әдеп кеңесінің мүшелеріне өздеріне жүктелген міндеттерді уақытылы және сапалы орындау тапсырылсын.
3. Әдеп кеңесінің жұмысы қолданыстағы талаптарға сәйкес ұйымдастырылсын.

2-мәселе бойынша

Тыңдалды:
Көктал ЖББМ Әдеп кеңесінің 2026 жылға арналған жылдық жұмыс жоспарын таныстырды.

Жоспарда қызметкерлер арасында әдеп нормаларын сақтау, қызметтік тәртіпті нығайту, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, түсіндіру жұмыстарын жүргізу және Әдеп кеңесінің отырыстарын ұйымдастыру мәселелері қамтылғаны айтылды.

Жоспар бойынша ұсыныстар мен пікірлер тыңдалып, талқыланды.

Шешім:

1. Әдеп кеңесінің 2026 жылға арналған жылдық жұмыс жоспары бекітілсін.
2. Жұмыс жоспарына сәйкес іс-шаралардың уақытылы орындалуы қамтамасыз етілсін.
3. Жоспардың орындалуына жауапты тұлғалар белгіленіп, атқарылған жұмыстар туралы ақпарат Әдеп кеңесінің отырыстарында қаралып отырсын.
4. Қажет болған жағдайда жылдық жұмыс жоспарына өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін.

Әдеп кеңесінің төрағасы: _____ Ж.Ж.Кунанбаев

Хатшы: _____ Ш.Ш.Жакупова

Әдеп кеңесінің мүшелері:

1. Кунанбаев Ж.Ж.
2. Ахметова А.Т.
3. Рысбекова К.С.
4. Дәулетов Ж.Қ.
5. Саркенова А
6. Досаева А.Ғ
7. Рахимкулов М.Ж.

Педагогтердің педагогикалық әдеп нормаларын сақтау мәселесі бойынша түсіндіру жұмыстары туралы
АҚПАРАТ

Күні: «16» *09. 2026* жыл
Білім беру ұйымы: Көктал ЖББМ

Білім беру ұйымында педагогтердің педагогикалық әдеп нормаларын сақтауын қамтамасыз ету, кәсіби жауапкершілігін арттыру және білім алушылармен, ата-аналармен, әріптестермен қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру мақсатында түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Түсіндіру жұмыстары барысында педагогтердің педагогикалық әдеп қағидаларын сақтауы, қызметтік міндеттерін адал әрі жауапкершілікпен орындауы, білім алушылардың ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеуі, олардың жеке ерекшеліктеріне түсіністікпен қарауы мәселелері қарастырылды.

Сонымен қатар педагогтерге білім алушыларға қатысты дөрекілік танытпау, кемсітуге, қорлауға және психологиялық қысым көрсетуге жол бермеу, ата-аналармен және әріптестермен өзара сыйластық негізінде қарым-қатынас орнату қажеттілігі түсіндірілді.

Педагогикалық әдеп нормаларын сақтау әрбір педагогтің кәсіби мәдениетінің маңызды көрсеткіші екендігі атап өтілді. Ұжымда қолайлы моральдық-психологиялық ахуал қалыптастыру, педагогтер арасында өзара құрмет пен сенімді нығайту, даулы жағдайлардың алдын алу мәселелеріне ерекше назар аударылды.

Түсіндіру барысында педагогтерге педагогикалық әдепке қатысты нормативтік талаптар таныстырылып, күнделікті кәсіби қызметте әдеп қағидаларын басшылыққа алу қажеттігі ескертілді.

Қорытынды:
Жүргізілген түсіндіру жұмыстары педагогтердің педагогикалық әдеп нормалары туралы түсінігін кеңейтуге, кәсіби жауапкершілігін арттыруға және білім беру ұйымында әдеп қағидаларын сақтауға бағытталды.

Ұсыныстар:
1. Педагогикалық әдеп нормаларын сақтау бойынша түсіндіру жұмыстарын жүйелі түрде жалғастыру.
2. Педагогтер арасында кәсіби қарым-қатынас мәдениетін нығайту.
3. Білім алушылардың құқықтары мен қадір-қасиетін құрметтеуді басты назарда ұстау.
4. Педагогикалық әдеп талаптарының сақталуын тұрақты бақылауда ұстау.

ДТІЖО **Ш.Ш.Жакупова**